

**Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының «Қалалық қан орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

**Х А Т Т А М А**

Шымкент қаласы

«23» қазан 2020 жыл

**Тақырыбы:** «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес баршамызға ортақ іс»

**Қатысқандар:** Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының «Қалалық қан орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының (ары қарай – Қан орталығы) қызметкерлері, директордың медицина істері жөніндегі орынбасары Ж.О.Астанаева, кадр бөлімінің инспекторы К.Ш.Тулепбаева, Қан орталығының кәсіподақ ұйымының төрағасы Е.О.Тастанов, және Қан орталығының әкімшілік-шаруашылық бөлімінің қызметкерлері, және барлық бөлімшелерінің меңгерушілері және мейірбикелері.

**Күн тәртібінде:** Қан орталығының заңгері М.И.Дауылбаев Қан орталығының қызметкерлеріне онлайн турде бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналып отырған – жемқорлықтың індеті жөнінде баяндама жасады.

Жасыратыны жоқ сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйіткілді мәселеге айналды. Себебі, мұндай әрекеттің мемлекеттік қызметкерлер тарапынан көрініс табуы мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, қоғамда үкіметке, билікке деген сенімсіздік тудырады. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз екендігіне заңгер егжей-тегжейлі тоқталды.

Сондай-ақ, жемқорлықпен қарсы күресте барлық адамдар – заң мен сот алдында тең. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын-алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу – жалпыға ортақ міндеттігі айтылды. Елбасы Н.Назарбаевтың Жолдауында «Әрбір мемлекеттік қызметкердің ары да, жаны да таза, сауатты және білікті, біреуге тәуелді болмайтындай жағдайда болса», - деген мемлекеттік қызметкерлерге қойылған талап жұртшылық пікірімен үндескендей. Ол үшін мемлекеттік қызметкер атына кір келтіретін әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Мұндай заң бұзушылыққа қасақана барғандар да қатаң жазаға тартылады. Әрине, ең алдымен бүгінгі бала, ертеңгі мемлекеттік қызметкердің отбасындағы тәлім-тәрбиесі дұрыс болуы тиіс. Тәрбие отбасынан басталады, ата-анасының шаруаны пара беру арқылы шешетінін, не пара алу арқылы өздерінің материалдық жағдайын

жақсартып отырғанын көріп өскен бала, бұл жағдайды орынды, яғни солай болуы керек екен деп түсінеді. Сондықтан отбасында тәрбиені дұрыс беру үшін, ең алдымен өзімізді тәрбиелеуді алдыңғы орынға қойғанымыз дұрыс деп, сөз соңын баяндамашы қорытындылады.

Баяндамашы



М.Дауылбаев

1. Жақышев Е.О.
2. Сулейбаева К.М.
3. Мухтарқызы Р.
4. Сипонова А.А.
5. Асқаров М.Т.
6. Әлиева О.С.
7. Қуатбаева Д.Б.
8. Мухамеджанова О.А.
9. Қашымбетова Т.С.
10. Қурманова Д.Б.
11. Мунусова С.К.
12. Сағдыбекова А.Б.
13. Мұрашамбетов Т.М.
14. Қытайбергелі А.
15. Шапатаева А.Н.
16. Тұрмаханов Р.И.
17. Әлиев С.
18. Қасым Р.К.
19. Байжанов Р.
20. Әсеташева К.С.
21. Мұсаева Д.
22. Мақашева Т.
23. Сейташева Р.М.
24. Әбдиева Т.М.
25. Қаржанов З.У.
26. Қасымов К.А.
27. Астаханов К.
28. Бердиева М.А.
29. С.Самбадинов С.С.
30. Мухамеджанова М.
31. Мухамеджанов Т.
32. Тұралиев Т.